

Анықтама

Тақырыбы: 2024–2025 оқу жылы бойынша оқушылардың үлгерім табельдерінің дайындалуы мен ресімделу жағдайы туралы

Тексеру мақсаты: Мектепшілік бақылау жоспары

2024–2025 оқу жылының аяқталуына байланысты білім алушылардың үлгерім табельдерінің дайындалуы мен ресімделу сапасына бақылау жүргізілді. Бақылаудың мақсаты – оқушылардың оқу жетістіктерін көрсететін құжаттардың дұрыс толтырылуын, қолданыстағы талаптарға сәйкестігін және ресімдеу тәртібінің сақталуын анықтау.

Тексеру барысында 1–11 сыныптар бойынша дайындалған үлгерім табельдері қарастырылды. Құжаттар BilimClass ақпараттық жүйесіндегі оқу нәтижелері негізінде қалыптастырылып, баспа нұсқасында шығарылған.

Зерделеу барысында әрбір оқушының табелінде пәндер бойынша оқу жылы ішінде алынған қорытынды бағалардың көрсетілгендігі анықталды. Табельдердегі мәліметтер электрондық журналдағы деректермен салыстырылып, сәйкестігі тексерілді. Салыстыру нәтижесінде бағаларды енгізуде және қорытынды нәтижелерді шығаруда сәйкессіздіктер анықталған жоқ.

Сынып жетекшілері тарапынан табельдерді тарату және ата-аналарды оқу жылының қорытынды нәтижелерімен таныстыру жұмыстары ұйымдастырылған. Барлық сыныптар бойынша ата-аналардың немесе заңды өкілдердің қолдары қойылып, оқушының оқу жетістіктерімен танысқаны расталған.

Құжаттарды қарау нәтижесінде төмендегідей жағдайлар анықталды:

- үлгерім табельдері белгіленген мерзімде дайындалған;
- барлық табельдер BilimClass жүйесінен жүктелген;
- пәндік бағалар толық көлемде енгізілген;
- жылдық қорытындылар дұрыс ресімделген;
- сынып жетекшілерінің қолдары қойылған;
- ата-аналардың танысқаны туралы қолдары толық жинақталған;
- мектеп директорының бекіту рәсімі жүргізілген;
- құжаттардың сыртқы безендірілуі мен ресімделуі талапқа сәйкес орындалған.

Тексеру барысында құжаттарды жүргізуге жауапты педагогтердің өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарағаны байқалды. Үлгерім табельдерін толтыру және ресімдеу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілген. Оқу жетістіктерін тіркеуде нақтылық сақталған.

Сонымен қатар мектеп әкімшілігі тарапынан оқу жылы бойы электрондық журналдардың жүргізілуіне бақылау жасалғандықтан, оқу жылы соңында табельдерді қалыптастыру кезінде техникалық немесе мазмұндық қиындықтар туындамаған.

Жалпы алғанда, үлгерім табельдері білім алушылардың оқу жетістіктері туралы нақты әрі толық ақпарат береді. Құжаттар белгіленген талаптарға сай ресімделіп, заңды күшке ие барлық қажетті қолдармен расталған.

Қорытынды:

2024–2025 оқу жылы бойынша оқушылардың үлгерім табельдерін дайындау және ресімдеу жұмыстары қанағаттанарлық деңгейде орындалған. BilimClass жүйесінен алынған мәліметтер негізінде қалыптастырылған табельдер сынып жетекшілері тарапынан тексеріліп, ата-аналарға таныстырылған және мектеп басшысымен бекітілген. Құжаттарды жүргізу барысында нормативтік талаптар толық сақталған.

Ұсыныстар:

1. Үлгерім табельдерін қалыптастыру кезінде электрондық журнал мәліметтерінің өзектілігін тұрақты бақылауда ұстау.
2. Сынып жетекшілеріне ата-аналармен кері байланысты одан әрі жетілдіру.
3. Үлгерім қорытындыларын уақытылы рәсімдеу тәжірибесін келесі оқу жылында да жалғастыру.

Басышының оқу ісі жөніндегі орынбасары м.а:  Г.М.Джалгасов

15.09.2025ж